

«Ақмола электржелілік үлестіру компаниясы» АҚ (бұдан әрі- «АЭҮК» АҚ), Астана қ. Циолковский көшесі 2 жоғарывольтті жабдық; КТПГ қосалқы станциясын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы хабарлайды (сатып алынатын тауарлардың толық тізімі тендерлік құжаттамада көрсетілген).

Тауарлар Қазақстан Республикасы Ақмола облысы, Астана қаласына жеткізілуі керек.

Талап етілетін жеткізу мерзімі: 2017 жылдың шілде – тамыз айы.

Тендерге қатысуға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидаларының 7 тармағындағы біліктілік талаптарына сай барлық потенциалды жеткізушілер жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін 2017 жылдың «09» наурызында сағат 10:00-ден кешіктірмей мына мекенжайда Астана қаласы Циолковский көшесі 2, № 223 кабинетте, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттама тегін ұсынылады.

Тендерге қатысуға конверттерде жапсырылған тендерлік өтінімдер потенциалды жеткізушілермен «АЭҮК» АҚ-на мына мекенжай бойынша ұсынылады: Астана қаласы Циолковский көшесі 2, №223 кабинет.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2017 жылдың «10» наурызында сағат 10:00-ге дейін.

Тендерлік өтінімдер конверті тендерлік комиссиямен 2017 жылдың «10» наурызында сағат 11.00-де мына мекенжайда ашылады: Астана қаласы, Циолковский көшесі 2, № 201 кабинет.

Сатып алуды жүзеге асыру үшін тапсырыс берушімен бөлінген сома: ҚҚС-ты қоса есептегенде 182 405 161,20 теңге;

Потенциалды жеткізуші және оның өкілдері (бірініші басшының қолымен және мөрімен расталған сенімхатты ұсынумен) тендерлік өтінімдер конвертін ашуға қатыса алады.

Табиғи монополиялар субъектісі қызметін тұтынушылар «АЭҮК» АҚ өткізетін тауарларды сатып алу бойынша тендерде бақылаушы ретінде қатыса алады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (7172) 37-04-91 телефоны бойынша алуға болады.